

Бекітемін:

Жамбыл облыстық орыс драма театрының директоры

А. Тәжиев

«30»

2020 жыл



Жамбыл облыстық орыс драма театрының 2020 жылы сахналанған жаңа қойылымдары туралы мәлімет

№	Сахналанған жаңа қойылымдар атауы	Қойылымның аннотациясы	Сахналанған қойылымның мақсаты мен нәтижесі	Шығын сомасы мың теңге
1	А.Бек "Героий былых времен" батырлар хроникасы	Қойылымда Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен Қазақ батыры, жерлесіміз, Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерліктері, айтқан нақыл сөздері көрініс табады, бүгінгі ұрпақ Бауыржан Момышұлыны соғыста қан кешіп жүріп істеген адал еңбегі, отанына деген сүйіспеншілігі және ерлік-жігердің, күш-қайраттың, ақыл-парасаттың, ар-ожданның иесі ретінде тниды және құрмет көрсетеді. Қойылымның бас кейіпкерлері оны солай көрсете білді. Бауыржан Момышұлының бейнесін екі әртіс сомдайды.	«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында бірыңғай іс-шараларды ұйымдастыру, Ұлы Отан Соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы және Б.Момышұлының 110 жылдығын атап өту, «Рухани жаңғыру» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру. Міндеті: «Ұлы даланың ұлы есімдерін» мысалға ала отырып, даналардың даралығын бағалауға, қастерлей білуге баулу, жоғары моральдық, патриоттық, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру процессіне септігін тигізу.	50,5
2	Е.Шварц "Золушка" ертегі	«Золушка»- (Күлшекыз) ертегісі байырғы заманда жазылғанмен бүгінгі таңда еш маңыздылығын жоғалтпасқан шығармалардың бірі болып табылады. оның желісін әр кім әр қалай баяндапта жатады.	Отбасы жүйесіндегі тәрбиелік құндылықтарға, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасын және балаларды қолдау мен ерте жастан дамыту және оларға мектепке дейінгі	1 250,0

		<p>Ерте заманда бір хандықта өте таңқаларлық оқиға болады. Бұл оқиғаның қызықтығы соншалық оны барлық сарай мен хандықтарда ауыз толтыра елдер бір-біріне айтып отыратын болған. Бірде бір хан сарайында ойын-сауық өткізбек болады. Бұл кешке барлық ханша мен ханшайымдар жиналады, сол кеште өте сұлу әрі ақылды бикеш келеді. Алайда оны ешкім танымайтын болып шығады, кетерінде кіп-кішкентай хрустальді туфлин тастап кеткен қызды ханзада үш күн, үш түн іздеп ақырында тауып алып онымен отбасы құрады. Ертегінің желісі адамдарды сұлулыққа сенуді, сыйқырлы әлемнің тек зұлымдыққа емес, жақсылыққа да пайдалануға болатынын үйретеді. ең бастысы махабат пен сенім әлемді билейтініне көз жеткізеді.</p>	<p>тәрбие беру, ата-анасына бала кезден қамқорлық жасауға тәрбиелеу</p>	
3	<p>А.Хаит "День рождения kota льяпольда" ертегі</p>	<p>. Бұл ертегіде кішкентай екі бұзық тышқандардың әрекеті турасында айтылады. Олар өте әлжуас әрі өте сыпайы Леопольд есімді мысықты "Леопольд! қорқақ мысық! шық ұрысқа!" – деп ашуына тимекші болады. Дегенмен бұл әрекеттерінен еш нәтиже шықпайды. Себебі ертегіде ең алдымен достық пен татулық жеңеді. Ертегі соңында тышқандар Леопольдтан кешірім сұрап, өз әрекеттеріне ұялатынын айтады.</p>	<p>Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сай қойлымдарды сахналау. Жан-жануарлар арасындағы әрекет арқылы адамзат бойындағы мінезді міней отырып, ең ұлы қасиет достық пен бірлікті, ынтымақтастықты насихаттау</p>	876,2
4	<p>М.Горький "На дне" драма</p>	<p>Аталған қойылым классикалық жанрда сахналанған. Орыс халқының атақты жазушысы М. Горький бұл пьесаны жастарға сабақ ретінде жазған болатын.</p>	<p>Қазақстан авторлары мен жергілікті драматургтердің, шет ел драматургтерінің заманауи және классикалық туындыларын сахналау.</p>	712,2

		Жұмыссыздық, ұрлық-зомбылық сынды келеңсіз оқиғалардың алдын алу, адамдарды мейірімділікке шақыру, еңбекқорлыққа баулу турасында айылады.	Актер және режиссер мамандықтарының беделін арттыру, театр мектебі мен шығармашылық біліктілік сабақтастығы өсімділігін жоғарлату бойынша жағдаяттар жасау. Өзге театрлармен айырбас біліктілік шеберлік сабақтарын өткізу.	
5	С.Лобазеров "Именины на костылях" комедия	Комедиялық жанрда сахналанған бұл қойылымда отбасылық мерекенің жан-жалға ұласып аяғында айрандай ұйып отырған отбасы бір-бірін көрместей болып айырылысады. Жалғыздықтың соңы жақсылыққа апармасын түсінген жастар қойылым соңында бірге болуды шешеді.	Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру мақсатында жастарға отбасылық құндылықтарды насихаттау, оларды бітімгерлікке шақыру үшін сахналанған.	394,3
6	А.Вампилов "Старший сын" комедия	Бұл туынды отбасылық құндылықтарды насихаттап қана қоймай әке мен бала арасындағы байланысты нығайтуға септігін тигізеді. Пьесса 1968 жылы жазылған. Автор көзі тірісінде өз шығармасын сахнада көрген емес, алайда бұл қойылым көптеген сахналарда сахналанды. Қойылымда адамдар ішінде жүріп жалғыздықты сезінген және өз-өзін жоғалтып алып адасқан жандар турасында айтылады.	Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының 10 тармағына сәйкес театрлар театр қойылымдарының негізінде балалар тәрбиеленетін балалар үйлерінде және мамандандырылған интернаттарда танымал әртістермен, өнер қайраткерлерімен қайырымдылық концерттер, қойылымдар, кездесулер кәсіби бағдарлық бағыттары бойынша жұмыстарды жандандыру және дамыту бойынша жүзеге асырылды.	1 220,0
7	Б.Абдураззоков "Здравствуй Мама! Это Я"	Аталған қойылым автордың «Долгая дорога в Мекку» кітабының желісімен сахналанды. Өзге қалада тұратын баласы мен анасы бір-	«Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын	475,7

	драма	бірімен тек қана телефон сымымен сырласып, бар ойын сол арқылы жеткізеді. Ондағы мақсат аналарын ескермей оларды жұмысбастылықпен ұмытып жүрген адамдарды ояту. Ата-аналарға құрмет көрсету, оларды ұмытпай қамқорлық жасауға насихаттауға шақыру болып табылады.	іске асыру» отбасы тәрбиесіне, жанұядағы кейбір мәселелерге, отбасы жүйесіндегі тәрбиелік құндылықтарға, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасын және балаларды қолдау мен ерте жастан дамыту және оларға мектепе дейінгі тәрбие беру, ата-анасына бала кезден қамқорлық жасауға тәрбиелеу	
8	А.Дельмар «Дальше тишина» драма	Алғашқы сахна қарт ерлі-зайыптылардың үйінде өтіледі. Бұл қойылымда жастайынан қартайғанға дейін бір шаңырақтың астында жұптары жазылмастан тату-тәтті ғұмыр кешкен ерлі-зайыптылар туралы баяндалады. Балалары ер жетіп, әрқайсысы өз басына шаңырақ құрып кеткен адамдар қартайған, әлдәрмені кеткен әке-шешесін бір-бірінен айырып, бөліп алмақшы болады.	«Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру» отбасы тәрбиесіне, жанұядағы кейбір мәселелерге, отбасы жүйесіндегі тәрбиелік құндылықтарға, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасын және балаларды қолдау мен ерте жастан дамыту және оларға мектепе дейінгі тәрбие беру, ата-анасына бала кезден қамқорлық жасауға тәрбиелеу	228,3
9	С. Михалкова "Зайка Зазнайка" ертегі	Мақтаншақ әрі ақылы толыспаған сұр қоян орман иелеріне өзінің батыр қылып көрсету үшін орман күзетшісінің оқталмаған мылтығын ұрлап алып ертегі кейіпкерлері Қасқыр, Түлкімен есептеспекші болады. Түлкінің үйін басып алып, мылтықпен қорқытады. Өз отбасынан бас тартып өз бетімен күн көруді шешеді. Алайда күтпеген жерден қауіп төніп, жаман оқиғаға тап болған Қоян амалсыз достасарынан көмек сұрайды.	Жаңа стильдегі қойылымдарды сахналау, жасөспірімдер мен балалардың танымдық ой өрісіне қажетті материалдарды таба білу, театр жастарымен шеберлік сыныптар өту, Қазақстан жеріндегі орыс тілінде театр саласына арналған жергілікті жазушылардың туындыларымен таныстыру, Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру.	1 149,9

	<p>Т. Миннулин "Четыре жениха Диляфруз" комедия</p>	<p>Сұр бойдақ төрт жігіт Дильяфруз есімді хас сұлуға ғашық болып, отбасын құруды жоспарлап жүргенде оқиға желісі мүлдем басқа болып өзгертіледі. олар өз сезімдерін ескергенмен қыз жынын мүлдем түсінбейтінін ұғады. Солай төрт жігітте қыздан құр алақан қалып, бармақтарын тістеп қалады. Аталған қойылым отбасын жоспарлап жүрген жастарға сабақ ретінде сахналанған.</p>	<p>Мақсат: ҚР-ның «Мәдениет туралы» Заңының 3 бабы 10 тарауындағы Қазақстан халқы мәдениетінің әлемдік мәдени кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету, айырбас халықаралық гастрольдерді өткізу, шығармашылық біліктілікті арттыру, тың режиссерлық шешімдер мен тың жаңалықтармен танысу, жоғарғы деңгейдегі режиссерлық мектептен өту. Нәтиже: репертуарды жаңа қойылыммен толықтыру, фестивальдер мен байқауларда жоғарғы деңгейде өнер көрсету, әртістердің біліктілік шеберлігін халықаралық деңгейде шыңдау, шеберлік-сыныптар өткізу.</p>	<p>1 020,7</p>
--	--	---	--	----------------